БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 238 (9300) | 1953 жылғы 2 декабрь Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл. Жеке саны 20 тиын.

**Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын кезінде және сапалы жөндеу—СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына қойған міндеттерін орындауға бағытталған маңызды шаралардың бірі.**

**Бұл шараны табысты жүзеге асыру—облыс механизаторларының айбынды міндеті.**

## Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары тез және сапалы жөнделсін

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын жүзеге асыруда машина-трактор станцияларына аса күрделі міндеттер жүктеледі. Бұл міндеттер СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Машина-трактор станцияларының жұмысын онан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулысында атап көрсетілген.

Машина-трактор станциялары —колхоз құрылысының индустриялық материалдық-техникалық базасы, колхоз өндірісін өркендетудегі шешуші күш, социалистік мемлекеттің колхоздарға басшылық етуіндегі аса маңызды тіректі пункттері.

Бүкіл еліміздегі сияқты, біздің облысымыздың да машина-трактор станцияларының жөндеу базалары барған сайын нығайып, оларды материалдық-техникалық жағынан жабдықтау жайы жақсарып келеді. Мұның өзі МТС-терде жөндеу жұмыстарын мейлінше сапалы және тез жүргізуге мүмкіншілік туғызуда.

Қазір облыс МТС-терінде тракторларды және басқа да ауылшаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл — аса маңызды ауылшаруашылық науқандарының бірі. Тракторларды және басқа ауылшаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын жөндеу жөніндегі жоспардың мерзімінде толық және артығымен орындалуын қамтамасыз ету —машина-трактор станциялары директорларының, механиктері мен партия ұйымы секретарьларының бүгін таңдағы аса маңызды міндеті. Демек, МТС-терде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің ең қызу кезеңі туды.

Алайда, облысымыздың МТС- терінде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысы әлі күнге кең өрістетілмей отырғандығын мойындауымыз керек. Көптеген МТС-тер, әсіресе, Образцовая, Калинин атындағы, Соколов МТС-тері жөндеу жұмыстарын мүлде кеш, жуырда ғана бастады. Осыған қарамастан бұл МТС терде жөндеу жұмыстары мейлінше сылбыр жүргізілуде. 1 декабрьге дейін тракторларды жөндеу жоспары Образцовая МТС-де небары 11,9 процент, Калинин

ұйымдастыру —жөндеу жұмыстарын табысты жүргізудің басты шарты. Олай болса, мастерскойда техниканың, әрбір станоктің және басқа жөндеу жабдықтасының қуаты сарқа пайдаланылуына жете назар аудару керек. Міндет —әрбір жөндеуші механизатордың күнбе- күн өнімді еңбек істеп, күндік, сменалық тапсырмаларын толық және артығымен орындап отыруына жетісуде.

МТС басшылары жөндеу жұмысына озат тәжрибе мен әдісті енгізуге айырықша назар аударатын болсын. Тораптық әдіс— тракторларды жөндеуде сыналған өте тиімді әдіс. Бұл әдістің барлық МТС-тердің жөндеу мастерскойларында кеңінен қолданылуына жетісуіміз керек.

Сол сияқты, облысымызда жөндеу жұмысында еңбек үлгісін көрсетіп жүрген озат механизаторлар аз емес. Мәселен, Булаев МТС-де Цыганков жолдас басқаратын жөндеушілер бригадасы жөндеу жұмыстарын тораптық әдіспен жүргізіп, трактор жөндеу жөніндегі тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді. Бұл бригада жөндеу жұмысы басталған екі айдан бері өндірістік тапсырмаларын 125 —135 проценттен кем орындап көрген емес. Міне, бұл сияқты озаттардың тәжрибелері де жөндеушілер арасында кеңінен насихатталуға тиіс. Амал не, облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы, оның ауылшаруашылық насихаты басқармасы мұндай озат жөндеушілердің іс тәжрибесін насихаттау жөнінде ешбір шара қолданбай отыр десек те болады.

Облыс МТС-терінде қосалқы бөлшектердің кезінде жеткізілмеуі және әзірленбеуі себепті жөндеу жұмыстарының тоқтап қалу фактілері де кездесіп жүр. МТС басшылары қосалқы бөлшектердің кезінде жеткізілуіне және кейбір қосалқы бөлшектердің МТС мастерскойларында әзірленуіне тікелей өздері басшылық жасауға тиіс. Ал, кейбір қосалқы бөлшектерді МТС мастерскойларының өзінде әзірлеп алуға әбден болады. Мұны озат МТС-тер мен жөндеуші механизаторлардың тәжрибесі айқын көрсетіп жүр.

Мұнымен бірге, облыстық ауыл шар-

## Мал қыстатудағы кемшіліктерді дереу жою қажет

☆

### Мал қыстатуға басшылық жақсартылсын

Жамбыл атындағы колхоз Октябрь ауданындағы малды колхоздардың бірі болып саналады. Мұнда мал басын көбейтудің жылдық жоспары биыл төрт түліктен толық орындалды. Бірақ, колхоз басшылары қоғамдық мал басын қыстан әрі шығынсыз, әрі қоңды алып шығуға бар мүмкіншіліктерді толық пайдаланбай, мал қыстату жұмысын өте-мөте нашар ұйымдастырып отыр.

Колхоз жоспар бойынша 82 мың центнер жемшөп дайындау керек еді, содан басқарма мүшелерінің айтуы бойынша 26 мың центнер шөп дайындалды деп есепке берілген. Бірақ, жақында болған тексерісте 6 мың центнер шөптің дайындалды деген мөлшерден де кем екендігі анықталды. Колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымының мал азығын дайындау, оны дұрыс есепке алу және ұқыпты жұмсау жөнінде колхозшыларға нақтылы басшылық жасамауы салдарынан қазіргі қолда бар жемшөп қыстың аяғына дейін жетпейтін болып отыр. Солай бола тұрса да, мал азығы белгіленген норма бойынша жұмсалмайды. Жемшөп қорын толықтыру резервтері өте нашар пайдаланылып келеді. Мәселен, сабанды жиып, маялау оларды мал қыстайтын орындарға тасу жұмысы тым баяу. Көп сабан мен топан қар астында қалды.

Ол-олма, мал фермаларында еңбек ұйымдастыру жұмысы да тиісті дәрежеде емес. Мал өсірушілер қатары коммунистер, комсомолецтер және алдыңғы қатарлы колхозшылар есебінен толықтырылмаған. Мал шаруашылығында жұмыс істейтін адамдардың жеткіліксіздігі салдарынан № 1 бригададағы сауын сиырлардың күтімі нашар. Олардың жатар орны кезінде тазартылмайды, азықтандыру тәртібі бірқалыпты сақталмайды. Бұл жағдай сиырлардың сүт өнімінің кеміп кетуіне әкеліп соғып отыр.

Фермаларда мал күтудің жайы нашар болып отырғанына қарамастан, колхоз председателі К. Рыспаев жолдас мал шаруашылығына басшылық ету ферма меңгерушілерінің ғана ісі деп есептейді. Сон-

☆

### Жемшөп жұмсаудағы ұқыпсыздық

Биыл Совет МТС-нің (Совет ауданы) қамтуындағы колхоздарда қоғамдық малды жемшөптің мол қорымен қамтамасыз ету жолында жеткілікті күрес жүргізілмеді. Соның салдарынан жемшөп дайындау жоспары едәуір кем орындалды.

Ал, бұл жағдайды біле-тұра колхоз басшылары қыстың алғашқы күндерінен бастап, жемшөп қорын мұқият есепке алып, оның үнеммен жұмсалуын қадағалап отырулары керек еді. Алайда, істің жайы бұдан мүлдем басқаша болып, колхоздарда жемшөп қорын тиімді пайдалану ісіне жете назар аударылмай келеді. Бұл жөнінде Молотов атындағы колхозды мысалға алуға болады. Мұнда жемшөп қоры малдың қыс бойы азықтануына толық жетпейді. Солай бола тұрса да, азықты жұмсауға ешқандай бақылау жасалмаған. Жемшөп малға норма бойынша өлшеп берілмейді. Бұған арнаулы адам тағайындалмаған. Сонымен бірге, малды уақытымен суару жұмысы да қанағаттанғысыз. Мал тәулігіне бір рет ғана суарылады. Ал, құдықтарды тазалау ісі қолға да алынбаған.

Колхозда қоғамдық малдарды, әсіресе, жас төлдерді бағып, күту ісі олқылыққа ұшырап келеді. Жас төлдердің қараңғы, дымқыл үйлерге орналастырылғандықтан азырып, шығын болу фактілері де бар.

Жемшөпті үнемдеп жұмсау үшін оны мал қораларының жанына тасып әкелу қажет. Ал, бұл колхозда әлі күнге дейін жемшөптің 16 проценті ғана тасып алынған. Жеткіліксіз жемшөпті егін алаңының сабан-топанын жинау есебінен толықтыруға болатын еді. Бірақ, мал азығының бұл түрін жинау соңғы күндері мүлде тоқтатылған.

Жағдай «Аралағаш» колхозында да дәл осындай. Мұнда жемшөп қоры аз бола тұрса да, колхоз басшылары азықты норма бойынша үнемдеп жұмсау ісіне көңіл аудармай келеді. Ферма қораларында күн сайын едәуір мөлшерде шөп пен сабан дұрыс әзірленбегендіктен мал аяғының астында қалып, рәсуа болуда. Фермаларда еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісінің ойдағыдай жүргі-

Мал күтушілер жұмысқа тағайындалған мерзімде кіріспейді. Мұндай кемшіліктер МТС-тің басқа колхоздарында да орын теуіп келеді.

Жоғарыда аталған колхоздардың басшылары мал азығын ұқыпты жұмсаудың, сөйтіп, мал күтімін тыңғылықты ұйымдастырудың нақтылы шараларын қолданбай отыр.

Қоғамдық малға азық әзірлеу жұмысына Совет МТС-і тарапынан да көмектің жеткіліксіз екендігін жасыруға болмайды. МТС директоры Лымарь жолдас малдың қыс уақытында бағылып, күтілуіне нашар басшылық жасайды. Ол мал мамандарының жұмысын жақсартуға, қолда бағылатын қоғамдық малдың зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес күтілуіне көңіл бөлмейді. Соның салдарынан мал шаруашылығы мамандарының малшылар арасындағы ұйымдастырушылық ролі сезілмейді. Олар фермалардағы жұмыстарды механикаландыру, малдардың бағылып, күтілуін шұғыл жақсарту жөнінде ешқандай инициатива жасамай отыр. МТС-тің бас зоотехнигі Тулеев жолдас алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың озат тәжрибесін таратып, оны көпшіліктің игілігіне айналдыруға, мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізуге, жемшөпті үнемдеп жұмсауға жеткілікті назар аудармай келеді.

Қоғамдық малға жемшөп әзірлеуде қолда бар техника қуаты толық пайдаланылмайды. Бұған МТС-те бес сабан турағыштың іске қосылмай тұрғаны айқын дәлел бола алады. Ал, МТС басшылары бұл машиналарды колхоздардың мал фермаларына жеткізіп беруді ескермей отыр.

Совет МТС-нің қамтуындағы колхоздарда мал қыстату жұмысының ойдағыдай ұйымдастырылмай, елеулі кемшіліктердің орын алғандығы аудан басшыларына да белгілі. Алайда, олар мұндай жағдайға төзіп, ымырашылық жасап келеді.

Қоғамдық малды қыстан аман алып шығу үшін колхоздарда, ең алдымен, жемшөп норма бойынша жұмсалуға тиіс.

## *Халықтық демократия елдерінде*

### Берлиндегі мерекелік жүріс

БЕРЛИН, 29 ноябрь. (СОТА). Үлкен Берлиннің демократиялық магистратының бес жылдығына байланысты бүгін Берлинде көп адам қатысқан мерекелік жүріс болды, оған 15 мың берлиндіктер қатысты. Қаланың жан-жағынан демонстранттар колоннасы қалалық басқару үйіне қарай бет алып жүрді. Олар қалалық басқару үйінің трибунасы алдынан өтті, трибунада Герман Демократиялық Республикасының Президенті Вильгельм Пик, ГДР премьер-министрінің міндетін уақытша атқарушы Вальтер Ульбрихт бастаған үкімет мүшелері, үлкен Берлиннің обер-бургомистрі Фридрих Эберт, Германияның Біріккен Социалистік Партиясы Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшелері, демократиялық партиялар мен бұқаралық ұйымдардың қайраткерлері болды.

Сол сияқты, трибунада ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссарының міндетін уақытша атқарушы Б. П. Мирошниченко, ССРО-ның Жоғарғы комиссарының Берлиндегі өкілі Деньгин және басқалары болды.

Үлкен Берлиннің обер-бургомистрі Фридрих Эберт мерекелік жүріске арнап құттықтау сөз сөйледі. Мерекелік жүріс бірнеше сағатқа созылды.

---

### Венгриядағы жер шаруашылығы өндіріс кооператив мүшелерінің әл-ауқаты жақсаруда

БУДАПЕШТ, 29 ноябрь. (СОТА). Венгрияның жер шаруашылығы өндіріс кооперативтерінде ауылшаруашылық жылының қорытындысын шығаруға әзірлік жүріп жатыр. Биылғы жылы бірқатар кооперативтер мол табыс тапты. Мәселен, Туркеведегі «Красная звезда» жер шаруашылығы өндірістік кооперативінде бөлінбес қор бірнеше миллион форинтке өсті. Кооператив мол өнім жиып, өзінің мүшелерінің еңбеккүндеріне ақшадай және заттай жоғары ақы берді.

Лендьелтотидегі Танчич атындағы кооператив мол кіріс тапты. Мұнда бөлінбес қор 85 миллион форинттен бір миллионға дейін өсті.

атындағы МТС-те 13,8 процент, Соколов МТС-де 15,1 процент ғана орындалды. Соколов МТС-і соңғы аптада бірде-бір трактор жөндеметен. Ал, жоғарыда аталған басқа МТС-терде бір-екі трактордан ғана жөнделген.

Облыс механизаторлары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысындағы бұл олқылықтан дереу арылуға міндетті. Сөйтіп, әрбір МТС-те жөндеу жұмысындағы кемшіліктерді тез жойып, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жөніндегі тапсырмалардың толық және артығымен орындалуына жетісу қажет.

Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысын қарқынды жүргізу үшін бұл жұмысқа барлық механизаторлардың түгел қатыстырылуы керек. Алайда, МТС басшылары бұл белгілі қағиданы естен шығарып, механизаторлардың жөндеу жұмысына түгел қатысуын қамтамасыз ете алмай жүр. МТС басшылары тарапынан бақылау мен талаптың болмауы салдарынан Соколов, Калинин атындағы сияқты МТС-терде жөндеуші механизаторлар жұмысқа толық қатынаспай, бірнеше күн бойына колхоздардағы үйлеріне кетіп қалуды әдетке айналдырған. Сол сияқты, механизаторлардың жөндеу жұмысына толық қатынаспауының ендігі бір елеулі себебі —МТС басшыларының жөндеуші механизаторлардың мәдени-тұрмыс қажетін өтеуге жете қамқорлық жасамауында болып отыр.

Жөндеушілердің мәдени- тұрмыс қажетіне күнбе- күн жете қамқорлық жасап, олардың өнімді еңбек істеуіне барлық мүмкіншіліктерді туғызу —МТС дирекциялары мен партия ұйымдарының ең бірінші кезектегі міндеті.

МТС мастерскойларында еңбекті дұрыс [illegible] МТС-терді тракторларды және басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етуде іскерлік, инициатива көрсетуге тиіс.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу саласын мейлінше жақсартуды талап етті. Сондықтан технологиялық ережелерді мүлтіксіз орындай отырып, әрбір жөндеу жұмысының сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету және механизаторлардың жөндеу сапасы үшін жауапкершілігін арттыра түсу қажет.

Механик —машина -трактор станциясындағы басты тұлға. Жөндеу жұмыстарының қарқынды және сапалы жүргізілуі механиктің ұйымдастырушылық қабілеті мен қажырлы еңбегіне байланысты. Демек, МТС механигі өзінің бұл абройлы міндетін жете түсініп, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының тез және сапалы жөнделу жолына барлық білімі мен іскерлік қабілетін жұмсауға, сөйтіп, жөндеуші механизаторларды бұл міндетті абройමен орындап шығуға жұмылдыра білуге міндетті.

Аудандық партия комитеттері мен МТС партия ұйымдары жөндеуші механизаторлар арасында жөндеу жұмыстарын мерзімінен бұрын және сапалы аяқтау жолындағы социалистік жарысты, үгіт -бұқаралық жұмыстарды кеңінен өрістетуге тиіс.

Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын кезінде және сапалы жөндеу— СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына қойған міндеттерін орындауға бағытталған маңызды шаралардың бірі.

Бұл шараны табысты жүзеге асыру —облыс механизаторларының айбынды міндеті.

дықтан да ол фермаларда өте сирек болады, ондағы нақтылы жағдаймен жете таныспайды.

Мал қыстату —мал шаруашылығын өркендетудегі ең шешуші кезең. Малды қыстан қоңды және шығынсыз алып шығу оған күнбе-күн қамқорлық жасап, көңіл бөліп отыруды талап етеді. Олай болса, аталған колхоздың басшылары мал қыстату жұмысындағы кемшіліктерді дереу жойып, мал шаруашылығына басшылықты күшейтуге міндетті.

**А. ТӨКЕНОВ.**

## Мал шаруашылығының табысы артуда

Абай атындағы колхозда (Преснов ауданы) қоғамдық мал саны жылдан-жылға көбейіп, өнімділігі артып келеді. Осының нәтижесінде колхоз мемлекетке ет, сүт, жүн тапсыру жөніндегі жоспарды быйыл өткен жылғыдан анағұрлым ерте орындап шықты. Мемлекеттік дайындау орындарына жүздеген центнер жоғары сапалы өнім берді.

Мал шаруашылығынан түскен кіріс есебінен колхоз өткен жылы 2 жүк автомашинасын алған еді. Ал, колхоз басқармасы шаруашылықтың бұл саласынан алынған быйылғы табысқа тағы да бір жүк автомашинасын алуды ұйғарып отыр.

**Б. ДҮЙСЕНБАЕВ.**

[illegible] салдарынан көп жұмыстар қолмен атқарылады. Мал азығын турау, буландырып беру жұмыстары да қол күшімен жүргізіледі. Колхозда қоғамдық малдың қоңы төмендеп, құнарлылығының кемуіне жол беріліп отыр. Фермада еңбекті ұйымдастыру ісі де қанағаттанғысыз дәрежеде.

[illegible] шылары малға жемшөпті күнбе-күн нормаға сәйкес өлшеп беру жөніндегі елеулі кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарулары тиіс. Бұл іске мал мамандары, мал күтушілері де назар аударулары керек.

**З. ҚАСКЕЕВ.**

## Мал азығы үнемдеп жұмсалуда

Қоғамдық малды қыстан қоңды алып шығу—оларды дұрыс азықтандыруды талап етеді. Мұны түсіне білген Киров атындағы колхоздың (Приешім ауданы) ірі қарамал фермасындағы мал өсірушілер малды қолда күтудің алғашқы күнінен бастап жемшөпті тағайындалған норма бойынша жұмсап келеді.

Мұнда мал тәулігіне үш рет азықтандырылады және суарылады. Азықтандыру арасындағы малдың тынығып, жеген тамағын бойына сіңіруіне уақыт жеткілікті бөлінген. Азықтандыру, күту жұмыстарының осындай тыңғылықты жүргізілуі нәтижесінде малдың қоңдылығы жақсы.

Мал азығын қоралар жанына тасу жұмысына арнаулы бригада бөлінген. Бұл бригада мүшелері 12 пар көлікпен күн сайын базаға 150—200 центнер шөп жеткізіп тұрады. Сол сияқты, егін алаңдарының сабанын жыйнау, маялау жұмысы да жақсы ұйымдастырылған.

**Б. БАЛТАБАЕВ.**

## Барлық төл аман сақталуда

Ә. Ақпанбетов жолдастың Ленин атындағы колхозда (Октябрь ауданы) жылқышы болып жұмыс істей бастағанына бес жыл болды. Осы уақыттың ішінде ол қарамағындағы жылқыларды шығынсыз өсіріп келеді. Жылқылардың үнемі зоотехникалық -малдәрігерлік ережелерге сәйкес күтілуіне ерекше көңіл бөлді.

Ақпанбетов жолдас өткен жылы 80 биеден 80 құлын алып, аман өсірді. Колхоз басқармасы оның осы еңбегін бағалап, қосымша ақыға екі құлын берді. Быйылғы жылы да 105 биеден 105 құлын алып шығынсыз өсіруде.

Ақпанбетов колхозшылардың құрметіне бөленген. Ауылшаруашылық артелінің мүшелері оны жылқы өсірудегі адал еңбегі үшін орынды мақтан етеді.

**Е. ӘБІЛМӘЖІНОВ.**

## Албанияның азат етілуінің 9 жылдығы құрметіндегі жарыс

ТИРАНА, 28 ноябрь. (СОТА). Албанияның азат етілуінің 9 жылдығын мерекелеуге әзірлік республиканың жұмысшылары мен шаруаларының арасында зор еңбек өрлеуін туғызды. Мереке құрметіндегі социалистік жарысқа елдің 300-ден аса өнеркәсіп орындарының коллективтері ұштасты. Влордегі цемент заводының құрылысшылары мерекені жылдық жоспарды мерзімінен 50 күн бұрын орындаумен қарсы алғалы отыр. Шкодердегі былғары заводының коллективі жылдық жоспарды мерзімінен 38 күн бұрын, ал, Дуррес теңіз портының қызметкерлері 40 күн бұрын орындады. Елдің МТС-тері күздік егіс егу жоспарын 10 ноябрьге дейін 105 процент орындап шықты.

## Братиславта В. И. Ленин музейінің ашылуы

ПРАГА, 30 ноябрь. (СОТА). Словакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Президиумы В. И. Лениннің Прагадағы музейінің Братислав қаласында филиалын ашу жөнінде қарар қабылдады.

В. И. Лениннің музейінің Братиславтағы филиалы В. И. Лениннің қайтыс болғанына 30 жыл толуы күні ашылады.



Белорус ССР-інде тұрғын үйлер салу кеңінен өрістетілуде. Тек қана төртінші бесжылдықтың ішінде Белоруссияның қалалары мен қалалық поселкелерінде 4,3 миллион шаршыметр тұрғын үйлер салынды. Минск, Витебск, Гомель, Полоцк және басқа қалалар тез қарқынмен қалпына келтірілуде.

СУРЕТТЕ: Гомель қаласының Совет көшесіндегі жаңадан салынған тұрғын үйлер.

**(СОТА-ның фотохроникасы).**

# Комбинат тұтынушылар алдында борышты

Партиямыз бен үкметіміз таяудағы екі- үш жыл ішінде халық тұтынатын товарлар молшылығын жасау, еңбекшілердің оған деген өскелең талабын барынша толық қанағаттандыру міндетін қойып отыр. ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің жуырда жарияланған «Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар өндірісін ұлғайту және олардың сапасын жақсарту туралы» қаулысында бұл міндетті жүзеге асырудың нақтылы шаралары белгіленген. Еңбекшілер тұтынатын товарлар молшылығын жасау ісіне жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындары күрделі үлес қоса алады. Олар өндірісті дұрыс ұйымдастырып, халық тұтынатын жоғары сапалы товарлар шығаруды үздіксіз ұлғайтуға тиіс.

Ал, Преснов өндіріс комбинаты бұл міндетті қалай орындап келеді? Комбинат басшылары (директоры Пастухов жолдас) өндіріс процестерін үнемі жетілдіріп, халық тұтынатын товарлар шығару жоспарының барлық көрсеткіштер бойынша толық орындалуын қамтамасыз етуге тиіс еді. Бірақ, амал не, істің жайы бұған мүлде керісінше болып отыр.

Комбинатта жұмысшылардың социалистік жарысына басшылық нашар, еңбек өнімділігі төмен. Өндіріс процестерін жетілдіру, жаңалық табу, оны өндіріске енгізу ісімен ешкім шұғылданбайды. Міне, бұл комбинатта өнім шығару жоспарының орындалмауының ең басты себебі.

Комбинат пима, орындық, стол, диван, шкаф, терезе көсектерін, арба, құрылыс материалдарын және басқа да мебель бұйымдарын көптеп жасап шығарады. Бірақ, мұнда аталған бұйымдарды өндіру жөнінде тағайындалған жоспардың орындалуы қанағаттанарлық емес. Бұйымдардың көпшілігі жоспардан едәуір кем беріліп жүр. Мәселен, комбинат быйылғы жылы еңбекшілер үшін 1800 пар пима жасап шығаруға тиіс болатын. Алайда, комбинат еңбекшілердің пима жөнінде өскен қажетін нашар өтеп келеді. Пима басу цехы өндірістік жоспарды ай сайын орындамайды. Соның салдарынан пима шығарудың быйылғы жылға арналған жоспары 10 айға жуық уақыт ішінде тіпті жартылай да орындалған жоқ. Осы күнге дейін комбинат небәры 636 пар ғана пима жасап шығарды.

—Шикізат, әсресе, жүн болмай қалады. Жүн мол болса, жоспарды орындар едік. Бар бөгет осында болып тұр, —дейді комбинат директоры Пастухов жолдас.

Шикізаттың болмай қалатыны рас. Бірақ, бұл жоспардың орындалмауының негізгі себебі емес. Жүн болған күннің өзінде комбинат пиманы баяу басады. Мәселен, қазір комбинатта жүн қоры жеткілікті. Соған қарамастан пима шығарудың айлық жоспары орындалмай отыр. Ендеше пиманың аз шығарылуының басты себебі —пима басу цехында еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауында. Пима басушылардың бірқатары өндіріс процестерін жете білмейді де, жұмыста көп ақау жібереді, күндік тапсырманы орындай алмайды. Ал, пима басушылардың мамандығын арттыру ісі мұнда мүлде ескерусіз қалған. Екіншіден, пима шығарудағы ең күрделі жұмыстар: пима басу, жуу қолмен атқарылады. Комбинат басшылары бұл жұмыстарды механикаландыруға ешбір көңіл бөлмей отыр. Бұл да жұмыстың баяу және сапасыз жүргізілуіне әкеліп соғып жүр.

Өндіріс комбинаты басқа бұйымдарды шығару жөнінде де тұтынушылар алдында борышты. Үстіміздегі жылы комбинат 90 мың сомның мебельдерін шығаруға тиіс еді. Ол бұдан осы күнге дейін бар болғаны 57 мың сомның ғана өнімін берді. Осы сияқты, комбинат жоспар бойынша шығарылатын 55 арбадан 30-ақ арба дайындады, 600 текшеметр ағаш материалдарының жартысын ғана өндірді.

Комбинат майлы дақылдарды өңдеп, 20 тонна май өнімдерін шығаруға тиіс болса, одан күні бүгінге дейін бірде-бір килограмм май өндірілген жоқ.

— Құрал -жабдықтар болмағандықтан майды өндіре алмай отырмыз, —дейді Пастухов жолдас.

Ал, құрал-жабдықтар сатып алуға қаржы жеткілікті бөлінген. Бірақ, оларды комбинатқа жеткізіп, май өндіруді ұйымдастыру ісі осы күнге дейін қолға алынбай келеді.

Комбинат жұмысындағы ендігі бір кемшілік —ол өнім шығарарда тұтынушылардың қажетін толық есепке алмайды. Соның салдарынан еңбекшілерге ең керекті товарлар уақытылы өндірілмейді немесе ол өте аз шығарылады. Оның есесіне басқа, тұтынушылар үшін қажеттігі жоқ товарлар көп өндіріледі. Мысалы, аудан еңбекшілерінің стол мен орындыққа деген қажеті өте күшті. Комбинат мұнымен есептеспей, аталған бұйымдарды тым аз өндіруде. Қазіргі уақытта оның қоймасында стол, орындық сияқты бұйымдар атымен жоқ.

Сол сияқты, шығарылған өнімнің сапасы төмен, түр- түрі кем. Көп реттерде ол тұтынушыларды қанағаттандырмайды. Комбинат шығарған арбалардың, дивандардың, орындықтар мен столдардың әдемілігі де нашар. Тіпті кей реттерде тұтынушылар комбинат шығарған бұйымдарға қанағаттанбай, оны басқа ауданнан немесе облыстан сатып алуға мәжбүр болады.

Қазір аудан қоймалары мен дүкендерінде комбинат өндірген жартылай жұмсақ диваңдарды көптеп кездестіруге болады. Олардың көбі сапасының, сыртқы көрінісінің нашарлығынан өтпей тұр. Комбинаттың диваңдарды қазіргіден жұмсақ, төзімді, әдемі етіп шығаруға толық мүмкіншілігі бар. Алайда, комбинат басшылары бұл істі қолға алып, ұйымдастыруды кешіктірумен келеді.

Комбинаттың жұмысын жақсартуға аудандық ұйымдар көмек көрсетіп отыруға тиісті еді. Амал қанша, іс жүзінде жағдай бұған мүлде керісінше болып отыр. ҚКП Преснов аудандық комитеті де, аудандық Совет аткомі де өндіріс комбинатын елеусіз қалдыруда. Еңалдымен комбинат маман кадрлармен керегінше толықтырылмаған. Мұнда қазір 13 жұмысшы жетіспейді. Осындай кәсіпорнын кадрлармен толықтырып, оның жұмысын тыңғылықты жүргізуге көмектесудің орнына, ҚКП Преснов аудандық комитетінің секретары Долженко, аудандық Совет аткомінің председателі Макаров жолдастар комбинаттан 10 ағаш шеберлерін алып, басқа жұмыстарға жіберген. 3-4 ай бойына бұл адамдар комбинаттан тыс жерлерде жұмыс істеп жүр. Ал, бұл комбинаттың жұмысына үлкен нұқсан келтіруде.

Преснов аудандық өндіріс комбинатының жұмысы халықтың тұтыну қажетін өтеу дәрежесінде емес. Оның еңбекшілер тұтынатын товарлар шығарудың жылдық жоспарын орындауы мүлде қанағаттанғысыз. Өткен 10 ай ішінде мұнда өндірістік жоспар небары 86,1 процент қана орындалды. Преснов ауданының басшылары комбинат жұмысына жете көңіл бөліп, оның халыққа қажетті товарларды өндіруді жақсартуына көмектесулері керек.

**С. ТЕМІРХАНОВ.**

# Тұтынушылар тілегіне сай жұмыс істеу— сауда орындарының абройлы міндеті

☆ ☆ ☆

## Село тұтынушыларының қажеті мінсіз өтелуге тиіс

Конюхов ауданының ауыл- селоларында товар айналымы жылма- жыл жақсарып, совет саудасының мәдениеті барған сайын арта түсуде. Село тұтынушылары өздеріне күнбе- күн қажетті товарларды жылдан- жылға мол сатып алып отыр.

Аудапда сауда жұмысын жақсартып, тұтынушыларды мәдениетті қамтуда игілі жұмыстар істеп жүрген сауда қызметкерлері аз емес. Чистян селолық тұтынушылар қоғамының сатушысы Дегтярева жолдас аудандағы үлгілі сатушылардың бірінен саналады. Ол товар сатудың он айлық жоспарын артығымен орындап, совет саудасының мәдениетін арттыру ісіне өзінің айтарлықтай үлесін қосты. Сол сияқты, Октябрь селолық тұтынушылар қоғамының сатушылары Лежникова, Чепикоз жолдастар да тұтынушыларды мінсіз қамтыйды.

Бірақ, ауданды тұтас алғанда сауда жұмысының ұйымдастырылуы әлі тиісті дәрежеде емес. Аудандық сауда бөлімі мен тұтынушылар одағы ауыл-село еңбекшілерін көпшілік тұтынатын товарлармен жеткілікті қамтамасыз ету дәрежесіне сай жұмыс істей алмай отыр. Бұл сауда ұйымдары тұтынушылардың керексінуін нашар зерттейді де, оларды аса қажетті товарлармен мол қамтамасыз ету ісін ойсыраған олқылыққа ұшыратады.

Аудандық тұтынушылар одағы қоймалардағы товарлардың өзін еңбекшілердің керексінуіне қарай дұрыс бөліп отырмайды. Ең алдымен, товарлар селолық тұтынушылар қоғамдарына мезгілімен жөнелтілмейді. Еңбекшілерге аса қажетті товарлар аудандық тұтынушылар одағының қоймаларында ұзақ уақыт жатып қалады.

Әсересе, Конюхов селолық тұтынушылар қоғамына еңбекшілерге аса қажетті товарлар аз және кеш жіберіледі. Мәселен, мұнда қазір тұз, керосин, темекі сияқты көпшілік тұтынатын товарлар атымен жоқ. Ал, мұндай товарлар аудандық тұтынушылар одағында жеткілікті. Бірақ, ондағылар тұтынушылардың керексінуін жете білмегендіктен бұл товарларды қажетті мөлшерде жібермей отыр.

Аудан сауда ұйымдарының жергілікті өнеркәсіп орындарымен байланысы нашар. Соның салдарынан өнеркәсіп орындарымен жасасқан шартты міндеттемелердің орындалуы мүлде қанағаттанғысыз. Аудан сауда ұйымдарының «Керамик» кәсіпшілік артелімен көпшілік тұтынатын товарлар өндіру жөнінде жасасқан шарты қанағаттанғысыз орындалуда. Артельдің шығарып жүрген товарларының сапасы төмен, түр-түрі кем. Аудан сауда ұйымдары, әсересе, аудандық тұтынушылар одағы тұтынушылардың керексінуіне сай келмейтін мұндай товарларды талғамай ала салады.

Осы сияқты, аудан магазиндерінде сауда жұмысының мәдениеті қазіргі талапқа сай емес. Магазиндердің бірсыпырасында товарлар түр-түрі бойынша көрнекті жерге орналастырылмаған.

Аудан сауда ұйымдарында сауда кадрларын іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісінің жайы да қанағаттанғысыз. Магазиндерде сатушы болып істеуге, жұмыста өзін көрсетпеген, сенімсіз адамдар алынып келген. Советтік сауда принципін бұзғаны, мемлекет қаржысын талан -таражға салғаны үшін және басқа да себептермен өткен он ай ішінде аудан сауда ұйымдарында 34 адам қызметтен босатылған.

Партиямыз бен үкметіміз советтік сауданы онан әрі өркендетіп, халықтың көпшілік тұтынатын товарларға деген қажетін тыңғылықты өтеу міндетін алға қойып отыр. Конюхов ауданының басшылары сауда жұмысында орын алған кемшіліктерді тез түзетіп, ауыл-село тұтынушылары қажетінің барлық жағынан мінсіз өтелуін қамтамасыз етуге жетісулері қажет.

**Н. ПАЛЕЕВ,**

**ҚКП облыстық комитеті әкімшілік және сауда-финанс органдары бөлімінің нұсқаушысы.**

## Кейбір кемшіліктер туралы

Пресnов аудандық сауда бөлімі осы жылдың өткен 10 айы ішінде тұтынушыларға 750 мың сомның көпшілік тұтынатын товарларын кем берді. Мұның басты себебі неде? Оның себебі —аудандық сауда бөлімінің басшылары дүкендерде еңбекшілерге қажетті товарлардың барлық түрінің үнемі болып тұруы жөнінде жеткілікті қамқорлық жасамайды.

Аудандық сауда бөлімі, сондай-ақ, аудандық ... жоғары сапалы товарлар өндіру жөнінде жергілікті өнеркәсіп орындарына әсер етіп отырмайды. Соның салдарынан жергілікті өнеркәсіп орындары олармен жасасқан шартты міндеттемелерін қанағаттанғысыз орындап келеді. Мысалы, аудандық тұтынушылар одағына Киров атындағы кәсіпшілік артелі үстіміздегі жылы 60 мың сомның товарларын өндіріп беруге тиісті еді. Бірақ, тұтынушылар одағы бұдан 2

### Қажетті товарлар жеткіліксіз

Партиямыз бен үкметіміз сауда жұмысын жақсарту, еңбекшілерді қажетті товарлармен мезгілінде қамтамасыз ету міндетін алға қойып отыр. Осыған сәйкес ауыл- селолық сауда орындары да сауда жұмысын жақсартып, тұтынушыларды тыңғылықты қамтуға барлық жағдайды жасауға тиіс еді.

Бірақ, Ленин ауданындағы Комсомол селолық тұтынушылар одағының жұмысы бұл талап дәрежесінде болмай келеді. Бұл селолық тұтынушылар одағы қамтыйтын дүкендерде сауда жұмысы мүлде қанағаттанғысыз.

Осы аудандағы Калинин атындағы колхоздың орталығындағы дүкенді аталған тұтынушылар одағы қамтыйды. Ал, бұл дүкенде тұтынушыларға қажетті товарлардың бәрі бар ма? Жоқ. Ең қажетті товарлар дүкенге өте сирек түседі. Мәселен, колхозшылардың тігулі киімдерді керексінуі өте күшті. Амал не, олардың қажетін өтей алатын тігулі киімдер дүкенде атымен жоқ. Велосипед, сағат сияқты бұйымдар мүлде түспейді. Кондитер тағамдары дүкенде анда- санда ғана болады. Олардың ассортименті өте кем. Соңғы айларда дүкенге шайдың түсуі де сиректеніп кетті.

Жалғыз бұл ғана емес, үй шаруашылығына қажетті бұйымдардың түсуі де нашар. Әсересе, терезе шынылары сияқты бұйымдарды бұл дүкеннен тіпті де сатып ала алмайсың.

Жоғарыдағы дүкенге түспейді деп отырған көпшілік тұтынатын товарлардың қай-қайсысы болсын аудандық сауда орындарында да, сондай-ақ, селолық тұтынушылар қоғамында да үзіксіз болып тұрады. Бірақ, не пайда аудандық және селолық тұтынушылар одақтары басшыларының жергілікті жерде халықтың керексінуін нашар зерттеп білуі салдарынан көпшілік тұтынатын товарлар дүкендерге тұтынушылардың қажетіне қарай, мезгілімен түсіп тұрмайды.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында советтік сауданы жақсартып, товар айналымын тездетудің нақтылы шараларын белгілеп берді. Бұл қаулыда селода сауданы жақсартудың қажет екені ерекше атап көрсетілген. Олай болса, Комсомол селолық тұтынушылар қоғамының басшылары (председателі Клен жолдас) сауда жұмысын жақсартып, еңбекшілердің өнеркәсіп товарларына деген қажетінің мінсіз өтелуін қамтамасыз етулері керек.

**М. ҚОЖАЕВ.**

**Ленин ауданы.**

### Үлгілі асхана

# Аденауэр тобы—Батыс Германияда милитаризм мен кекшілдіктің штабы

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков 1953 жылы 22 августа Кремльде берген қонақасыда сөйлеген сөзінде Бонида өкмет басында отырған Аденауэр тобын Германияны жаңа соғысқа бастаушы милитаризм мен кекшілдіктің штабы деп сыйпаттады.

Оқыйғалардың барысы, Аденауэр тобының әрекеттері және оның соңғы уақытта жасаған ашық және арсыздық мәлімдемелері бұл берілген бағаны толық анықтады.

Батыс Германия парламентінің (бундестаг) сайлауының нәтижесінде террордың, жуликтік сайлау заңының, сол сияқты, халықтың ақыл- ойын уландырушы милитаристік және кекшілдік жүгенсіздік насихаттың салдарынан Батыс Германияда Аденауэрдің партиясы —христиандық-демократиялық одақ (ХДО) өкмет басында қалып қойды. Бұл партия онымен бірге коалицияға кіретін реакцияшыл партиялармен және топтармен бірге бундестагтағы мандаттардың көпшілік бөлегін және Бонн үкметіндегі барлық министрлік қызмет орындарын басып алды.

Христиандық- демократиялық одақ және оның «қамқоры» Аденауэр кім? Бұл— ірі герман монополистерінің партиясы, соғысқұмар герман милитаризмі мен кекшілдігінің партиясы. ХДО-ны құрушылар және оны билеп- төстеушілер Батыс Германияның өте ірі монополисті Роберт Пфердменгес, ХДО-ның Гамбург ұйымының председателі және Батыс Германияның өте ірі банктерінің бірінің басқарма мүшесі Гуго Шарнберг, Батыс Германияның бірсыпыра ірі концерндерінің бақылау советтерінің мүшелері Герман Пюндер мен Гюнтер Хенле және тағы басқалары болып табылады. Бұл— Батыс Германияның іс жүзіндегі қожайындары, 1933 жылы Гитлерді өкмет басына келтіргендердің және онымен бірге басқыншылық соғыстар әзірлегендердің нақ өздері. Қазір бұл адамдар Аденауэрді қолдауда және америкал империалистерімен бірлесіп, Европаның халықтарына қарсы, соның ішінде герман халқына да қарсы жаңа соғысты қайтадан әзірлеуде.

Аденауэрдің төңірегіндегі ең бір белді адам— Роберт Пфердменгес— Аденауэрдің өзінің досы, ең ірі банкир және, шетел баспасөзінің хабарларына қарағанда, Батыс Германиядағы ең бай адам. ХДО-ның астыртын қожасы нақ Пфердменгестің өзі Аденауэрдің «канцлер» болып сайлауын қамтамасыз ету үшін бундестагтың бірінші сайланған депутаттарын пара беріп өзіне қаратып алуға 1949 жылы 2 миллион марка жұмсаған болатын. 1951 жылы Аденауэрдің туған күні, оның жасы 75-ке келген кезде Пфердменгес оған 1 миллион марканың чегін «сыйлыққа» берді.

Батыс Германия империалистерінің бүкіл әлігі тобының бәрінің ішінде бірінші орынға Аденауэр шығарылды, ол Ба-

Министр Кайзер ХДО-да шпиондық пен диверсия жөніндегі «маман» болып саналады. Ол —17 июньде Герман Демократиялық Республикасына қарсы фашистік арандатушылықты басты ұйымдастырушылардың бірі. Кайзер ГДР-ға диверсиялық топтар жіберу, онда астыртын бандалар құру ісімен және басқалармен шұғылданады.

Батыс Германия империализмінің барлық қаратүнек күштерін — ірі монополистерді, милитаристерді, фашистік кекалушы генералдарды, әртүрлі диверсанттар мен авантюристерді, америкал империализмінің жалдамалы және еркін агенттерін біріктіруші Аденауэр тобының қалған бөлегі де құрамы жағынан осындай.

Қожасы қандай болса, малайы да сондай. Жаңадан сайланған бундестагта 487 депутаттың ішінде 42 адам —әртүрлі концерндердің директорлары және басқа басшы қайраткерлері, 34 адам ірі кәсіпкойлар, 41 адам помещик, 38 адам монополиялардың адвокаттары.

Аденауэр үкметтің программасын жарияламастан бұрын- ақ Батыс Германияның шын қожайындары —монополистер —өнеркәсіп сауда палатасының атынан өздерінің «нағым шартын» паш қылды, мұнда агрессияшыл Батыс Германия империализмнің, герман милитаристері мен кекшілдерінің өрістетілген әрекет жасау программасы баяндалған.

Өнеркәсіп-сауда палатасының «Ди берлинер Виртшафт» журналында жарияланған бұл программада герман монополистері Бонн үкметінің дүниежүзілік капиталистік рынокта басқыншылық саясатын күшейтуін, капиталистердің кәсіп иелерінен «шамадан тыс» салықтар алуын жою және еңбекшілерге салық ауыртпалығын күшейту жолымен онан әрі пайда түсіруін қамтамасыз етуді талап етеді. Монополистер ремилитарландыру және соғысқа әзірлену саясатын жүргізе беруді талап етеді.

Американың және Батыс Германия империалистерінің тапсыруы бойынша Аденауэрдің тобы Батыс Германияны тоқтаусыз милитарландыру бағытын жүргізуде және елді жаңа соғысқа қарай бастауда.

Салық түрінде еңбекшілерден өндіріліп алынатын орасан көп қаражат соғыс мұқтаждарына —армия құруға, соғыс өнеркәсібін қалпына келтіруге, стратегиялық құрылыстар жүргізуге жұмсалуда. Монополистік топтар мен бірлестіктердің капиталдары да соғыс өнеркәсібіне жұмсалуда. Мысалы, Батыс Германияның барып тұрған милитаристік мемлекетке айналғандығын айқын көрсететін бір жағдай мынау: Әрбір минут сайын Батыс Германияның соғыс мақсаттарына 20 мың марка жұмсайтындығы есептеліп шығарылды. Сонымен қабат, денсаулық сақтау ісіне бюджет бойынша жұмсалатын шығындар адам басына бір жыл ішінде 1 марка 77 пфенниг болып табылады.

Мюнхенде шығатын «Дейче вохе» жур-

жаңа фашистік ұйымдар бар, бұлардың ішінде бейне бір астыртын жағдайдағы сияқты национал- социалистік партия бар, ол бұрынғы 30 мыңнан астам гитлершілдерді біріктіріп отыр.

Осы террорлық фашистік ұйымдардың жәрдемімен Герман Демократиялық Республикасына қарсы 17 июньдегі арандатушылықтар сияқты диверсиялар мен арандатушылықтар жүзеге асырылуда. Нақ сол бандалар Батыс Германияда коммунистерді және басқа прогресшіл қайраткерлерді террорлауда, өлтіруде.

Фашистік террорды жүзеге асырып отырғандар жалғыз ғана бандалар емес. Олар қазір Бонн үкметінің мемлекеттік саясатының үзіксіз бір бөлегі болып табылады. Бундестагтың сайлауынан кейін Германияның компартиясы іс жүзінде заңнан тыс жағдайға қойылды. Бұрынғы депутат, Германияның бейбітшілігі және біртұтастығы жолындағы көрнекті күрестер Германия коммунистік партиясының Орталық Комитетінің мүшесі Ф. Рише түрмеге қамалды. Компартияның көптеген басшы қайраткерлері, соның ішінде бундестагтың бұрынғы депутаттары сот жолымен қудалануда. Бүкіл Батыс Германияда бейбітшілік жолындағы күрескерлерге қарсы сот процестері болып жатыр. Прогресшіл «социалистік қыймыл тобының» 7 басшы мүшесі ешбір айып тағылмастан 9 ай бойы Гессеннің түрмелерінде жазықсыз жатыр. Аденауэр тобы қазір олардың басшылығының Бонн үкметінің милитаристік саясатына қарсы пікір айтқандығы үшін олардан кек алуға тырысып, батысгерманиялық кәсіподақтарға қарсы жорық жасауда.

Аденауэр тобы фашистік террор саясатын жүргізіп отырғаны былай тұрсын, ол іріп-шіріген фашистік, адамзатты жеккөрушілік идеологиясын, нәсілдік теорияны таратуда, фашистік жаңа тәртіпті және тағы басқаларын насихаттауда. Мысалы, батысгерманиялық «Национ Европа» журналы Скандинавия елдеріне дербес өмір сүруді қою керек және Германияның итаршысына айналдыру керек деп ұсынады, өйткені, бұл халықтар «Солтүстік» нәсіліне жатады, деген «дәлел» келтіреді. Нақ сол журнал гитлерлік «жаңа тәртіптің» кәзіргі «Біріккен Европа» үшін үлгіге айналғандығын атап көрсетеді және осы тұрғыдан «Біріккен Европа» үшін ұран көтереді. «Жалпы алғанда Германияның және әсересе Гитлердің арқасында істелген бұл бірінші сәтті әрекет терең зерттеуді керек етеді, —деп жазады журнал. — Бұл арада үйренетін нәрсе көп».

Бонн тобы агрессияшыл кекшілдік программаны ашықтан- ашық жариялауда. Бонн тобы үшін нәтижелі болған бундестаг сайлауының тура ертеңіне Аденауэр Боннда болған митингте былай деп мәлімдеді: «Осы уақытқа дейін әрдайым Германияны қайта біріктіру туралы сөз болып келген. Қазір ол әңгіме тыйылды.

тынушылар қоғамдарына товарлар жіберерде еңбекшілердің қажетін мұқият есепке алмайды. Соның салдарынан селолық дүкендерге еңбекшілердің керексінуін таппайтын товарлар жіберіліп жүр. Бұл—товарлардың өтпей дүкендерде ұзақ уақыт жатып қалуына әкеліп соғуда. Бұған мысал ретінде Благовещенка селолық тұтынушылар қоғамындағы жағдайды айтқанның өзі-ақ жеткілікті. Быйыл бұл тұтынушылар қоғамына еңбекшілердің керексінуін өтемейтін товарлар өте көп жіберілді. Ол товарлар қазіргі уақытта дүкендерде өтпей тұр. Аталған тұтынушылар қоғамында қазір 20 мың сомның товарлары өтпей, қоймаларда жатыр.

Ол-олма, аудандық тұтынушылар одағының басшылары (председателі Батырев жолдас) облыс сауда орындарынан товар аларда еңбекшілерге қандай товарлар қажет екенін де терең зерттеп білмейді. Сөйтіп, тұтынушылар одағы көпшілік тұтынатын товарларды талғамай ала салады. Қазір тұтынушылар одағының қоймаларында 65 мың сомның товарлары еңбекшілерден керексіну таппай жатыр.

Сол сияқты, аудан сауда орындарының жергілікті өнеркәсіп орындарымен байланысы мүлде қанағаттанғысыз. Атап айтқанда, аудандық сауда бөлімі мен тұтынушылар одағы еңбекшілердің тұтынуына

58 мың сомның товары сапасы нашар болғандықтан артельдің өзіне қайтарылып берілді.

Аудандық тұтынушылар одағы облыстық тұтынушылар одағынан бөлінген товарларды мезгілінде алып отырмайды. Үшінші тоқсанда аудандық тұтынушылар одағы 670 мың сомның товарын уақытында ала алмады. Бұл аудан дүкендерінде көпшілік тұтынатын товарлардың түр-түрінің жеткілікті болмауына әкеліп соғуда.

Товар айналымын тездетіп, сауда жұмысын жақсарту, тұтынушыларды тыңғылықты қамту ең алдымен маман кадрларға тікелей байланысты. Алайда, Преснов аудандық сауда бөлімі мен аудандық тұтынушылар одағының басшылары сауда кадрларын, әсресе, сатушыларды іріктеп алуға, тәрбиелеуге жеткілікті мән бермейді. Мұның өзі совет саудасы принципінің бұрмалануына әкеліп соғып жүр. Осы жылдың өткен 10 айы ішінде, аудан сауда орындарында 50 мың сом мемлекет қаржысы талан-таражға түскен. Бұл қаржыны талан-таражға салушылардың көбі—сатушылар. Ендігі жерде аудан сауда орындарының басшылары сауда кадрларын, әсресе, сатушыларды іріктеп алып сауда жұмысының мәдениетін арттырып, тұтынушыларды мінсіз қамтуға міндетті.

**А. ЖУКОВСКИЙ.**

НОД № 2 жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің № 20 асханасы (меңгерушісі Макаренко жолдас) тамақтанушыларды мәдениетті қамтиды.

Асханада тамақ күн сайын сапалы дайындалады. Сол сияқты, мұнда тағамдардың түрлері де көп. Сондықтан да бұл асханадан тамақтанушылардың саны барған сайын көбейе түсіп отыр. Бұған асхананың тамақтанушыларды қамтушыларының қосқан үлесі аз емес. Өйткені, бұлар келушілердің қалаған тағамдарын тез әкеліп беріп, оларды көп күттірмейді.

Тамақтанушыларға, әсресе, аспаз Красноженова жолдас айырықша сый-құрмет көрсетеді. Ол асханада тамақты дәмді әзірлеумен ғана тынбай, тағамдардың дайындалуы жөнінде келушілермен пікірлесіп, олардың тағамдарды әзірлеу туралы жасаған ұсыныстарына үнемі құлақ асып отырады.

Асханада үгіт- бұқаралық жұмыс тыңғылықты жүргізіледі. Көрсеткіш тақтасы үздіксіз шығарылып тұрады. Оған асхананың әрбір жұмысшысы мен қызметкерінің күндік нормаларын орындаған, орындамағаны жазылады. Егер жұмыста кемшілікке жол берілсе, тағам дайындаудың белгіленген нормасы орындалмаса, себептері ашылып, оны болдырмаудың тиісті шаралары белгіленеді.

**М. ӘКІМЖАНОВ.**

(премьер-министрлігін) қайтадан алды.

Аденауэр американ және батысгерманиялық монополистерінің агенті ғана емес, оның өзі батысгерманиялық 14 концернінің бақылау советтеріне қатынасушы аса ірі капиталист. Ол ірі американ банкирі Пиосермен және АҚШ-тың Германиядағы бұрынғы жоғарғы комиссары Макклоймен жекжат адам. ХДО-ның және Бонн үкіметінің программасын жүзеге асыру ісімен нақ Аденауэрдің өзі шұғылдануда. Бұл программаның қандай екендігі жалпы жұртқа мәлім: ол —Германияны екіге бөлу, Батыс Германияны ремилитарландыру, оны Американың Европадағы соғыс блоктары системасына қосу, жұмысшы қозғалысын басып-жаншу және елді фашистендіру болып табылады. Аденауэрдің адал қызмет еткендігі үшін оған монополистер ақыны аямай төлейді. Аденауэр жылына 555.800 марка жалақы алады. Неміс газеттерінің жүргізген есебі бойынша, мұның мәнісі —ол сағатына 232 марка ақы алады деген сөз, яғни орта дәрежелі мамандығы бар батысгерманиялық жұмысшының бір ай бойы ауыр жұмыс істеп табатын табысымен бірдей.

Аденауэр тобы үшін Лер мен Кайзердің кейіптері өте- мөте көзге түседі, олар —канцлердің ХДО партиясы жөніндегі және үкімет жөніндегі ең жақын серігі. Олардың біріншісі —пруссақ генералдың және ірі өнеркәсіп иесінің ұлы, ол кезінде Гитлердің өкімет басына келуіне көмектескен болатын. Аденауэрдің бірінші үкіметі тұсында ішкі істер министрі бола тұрып, ол реакциялық- террорлық режим құрылғандығы үшін, коммунистерді, бейбітшілік жолындағы барлық күрескерлерді, барлық адал ниетті патриоттарды қудалағандық үшін негізгі жауаптылықты көтеруші адамдардың бірі. Нақ оның өзі милитарист Теодор Бланкпен бірге батысгерманиялық агрессиялық армия құруға басшылық етті.

налы жақында мынаны хабарлады: бундестаг сайлауынан кейін Батыс Германияда Батыс Германияның соғыс өнеркәсібін мобилизациялаудың нақтылы жоспары жасалған. Бұл жоспар жалпы әскер міндеттілігі туралы заң шығарылмақшы екендігіне байланысты.

ГДР баспасөзінің мәліметтері бойынша, қазіргі уақытта Батыс Германияда 400-ден астам кәсіпорны, соның ішінде Крупптің, И. Г. Фарбениндустриядің, Фликтің, Маннесманның, Клекнердің, Хештің және басқа милитаристер мен соғыс қылмыстыларының кәсіпорындары соғыстық маңызы бар өнімдер шығарумен шұғылдануда.

Агрессиялық армияны және фашистік түрдегі жартылай соғыс ұйымдарын қайта тудыру толық қарқынмен жүргізілуде. Іс жүзінде Батыс Германияның соғыс министрлігі болып табылатын, бұрынғы гитлерлік генерал Кессельрингтің, Мантейфельдің, Хойзингердің, Рамкенің және басқаларының қолындағы «Бланк мекемесі» дейтін мекеме жарты миллиондық армияны құру жолында «еңбек етуде». Олар бұл армияны «Европалық қорғаныс бірлестігі», «Солтүстік -Атлантика Одағы» шеңберінде, немесе, АҚШ империалистері бастаған қандай да болса басқа агрессиялық блоктың шеңберіндегі «заңды түрге келтірілуін» күннен- күнге күтуде. Бұл арада батысгерманиялық милитаристер қандай да болса агрессиялық батысевропалық блокта олар өзінен- өзі басшылық роль атқаруға тиіс деп санайды.

Әртүрлі әскери одақтар және «Болат дулыға» бірлестігі сияқты бірлестіктер қазір Батыс Германияны ремилитарландыру ісінде көрнекті орын алып отыр. Қазір Бонн «федерациялық республикасында» «солдаттық бірлестіктердің» бір өзі 500-ге жетеді. Бұлардың бәрі де Бланк мекемесінің қарамағында және агрессиялық армияның бір бөлегі болуға тиіс. Мұның үстіне, Батыс Германияда 70-тен астам

Қазір біз: «Азаттық —дейміз. Біздің мақсатымыз —шығыс облыстардағы 18 миллион аға- іні, апа- қарындастарымызды азат ету болып табылады». Тағы бір күннен кейін, американ журналисімен әңгімесінде, Аденауэр Польшаны «азат етуді» талап етті.

Канцлерден басқа министрлер де қалыспауда. Транспорт министрі, соның өзі мұнай өнеркәсіпшілері бірлестігінің председателі және кекалғыш Ганс Зееб Судет немістерінің «әлетінде» чехословак жерлерін Германияның пайдасына бөліп әкетуді талап етті. Ол Германияның шекараларын тіпті гитлерлік Райхтың шеңберінен асырып кеңейту үшін ұран көтереді. Боннда жаңа «дауыс беру» жолында Австрияны Германия империясының құрамына енгізу жолында жүгенсіздік үгіт те жүргізілуде.

Алайда, батысгерманиялық және американ империалистерінің агрессиялық арам ойларынан түк шықпайды. Шығыс және Батыс Европаның халықтары соғыс уақытындағы және гитлерлік оккупация кезіндегі оқиғалардан елеулі қорытындылар шығарды. Олар өздерінің тәуелсіздігін қырағы күзетуде.

Герман халқының өзі милитаристер үшін орасан зор бөгет болып табылады.

Берлин халқының митингісінде сөз сөйлеп, ГДР премьер- министрі Отто Гротеволь былай деп мәлімдеді: Германияда 1933 жыл қайталамайды, өйткені, бүгінгі күні Герман Демократиялық Республикасы бар, ол ұлттық жауаптылықты сезіп білгі, барлық неміс күштерінің орталығы және жаңа, демократиялық, бейбітшілік сүйгіш, тәуелсіз Германия үшін күрестің тірегі болып табылады; 1933 жыл Германияда қайталамайды, өйткені, ол жалғыз емес — оның жағында қуатты және ұлы достары мен көршілері бар.

**А. ШАТИЛОВ.**

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

# Халық тұтынатын товарларды мерзімінде жеткізу керек

Облысымызға Москвадан, Ленинградтан, Киевтен, Харьковтан, Алматыдан еліміздің және басқа да бірнеше қалаларынан көпшілік тұтынатын товарлар күн сайын келіп жатады. Оның дені — өнеркәсіп және азық- түлік товарлары.

Петропавл станциясының алдыңғы қатарлы теміржолшылары жүкті, әсресе, халық тұтынатын товарларды тез жеткізу жолындағы социалистік жарысты күшейте отырып, бірқатар табыстарға жетті.

Станцияда өз ісін жақсы көретін, үлгілі еңбегімен көзге түскен адамдар аз емес. Мұндайлардың қатарында жүк диспетчерлері Курбанов, Шмелев, таразышылар Донцова, Небоженко, Федорец, Фоменко жолдастар бар. Әсресе, диспетчерлер Курбанов, Шмелев жолдастардың сменалары тұтынушыларға жүкті уақытылы жеткізіп, вагондардан товарлардың тез түсірілуін және артылуын қамтамасыз етіп отырады.

Алайда, жүкті тұтынушыларға жеткізу ісінде станцияда көп кемшіліктер бар. Өнеркәсіп орындары мен сауда ұйымдарының адресіне келген вагондардың жүгі бірнеше күн бойы түсірілмей тұрады. Мәселен, осы жылғы 8 октябрьде станцияда 68 вагонның жүгі түсірілмей қалды. Бұл вагондардағы облыстық тамақ және жеңіл өнеркәсіп орындарына жіберілген жүк болатын. Аталған кәсіпорындары өздеріне келген жүкті бірнеше күн кешіктіріп барып алды. Бұл бір-ақ факті. Ал, станцияда мұндай жағдайлар өте жиі кездеседі.

Станцияда алыс жолға жүк жөнелту ісі де мардымсыз. Мұндай жүктер тиеуге тез әзірленбейді. Ол- ол ма, жүк тиелген вагондардың өзі уақытында жөнелтілмей ұзақ уақыт тұрып қалады. Сентябрь айында мұндай вагондардың саны 200-ге жетті. Ол вагондардың әрқайсысы 10—20 күн бойына поездарға тіркелмей тұрады.

Петропавл станциясында товар артылған вагондарды жөнелту және вагондардан жүк түсіру жұмыстары неге баяу жүргізіледі? Станцияның бастығы Винников, товар конторының меңгерушісі Мелиховский жолдастар жүк қабылдау және оны жөнелту ісіне нашар басшылық жасайды. Олар жүк тиелген вагондардың тұруын қысқарту, тұтынушыларға товарларды мезгілінде жеткізу жөнінде ешбір шара қолданбай отыр.

Станция басшылары жүк жөнелту және қабылдауға жеткілікті бақылау жасамайды, станция кезекшілерінен, сол сияқты, маневрдегі диспетчерлерден тек қана поездардың уақытылы жөнелтілуі талап етіледі. Ал, жүкті тез қабылдау және жүкті жөнелтуге, вагондардың тұруын қысқартуға келгенде бұл істелмейді. Сөйтіп, кезекшілер мен диспетчерлер жүктің қабылданылуының және жөнелтілуінің жайынан ешбір есеп бермейді. Станция басшыларының ойынша поездар график бойынша тоқтамай жүрсе болды. Халық тұтынатын товарлар тиелген вагондарды қабылдау және жөнелту қалай жүріп жатыр, міне, мұның оларға керегі жоқ. Осындай себептермен станцияда көпшілік тұтынатын товарлар тиелген вагондарды қабылдау және оларды жөнелту ісі үлкен олқылыққа ұшырап отыр.

Жүк алаңының жұмысында үлкен кемшіліктер бар. Әсресе, оның контейнер алаңы жұмысты сылбыр істейді. Алысқа жөнелтілген жүктер мезгілінде және дұрыс сұрыпталып, ретке келтірілмейді. Қолда бар автоматты жүк тиегіштер мен көтерме крандар нашар пайдаланылады. Міне, бұл контейнерлі жүктің алаңда ұзақ уақыт тұрып қалуына әкеліп соғып жүр.

Станцияның жүк алаңында жолаушылардан қабылданған жүкті жөнелту ісі де қанағаттанғысыз жүргізіледі. Мысалы, осы жылдың сентябрь айында жолаушылардан қабылданған 25—26 жүктен күн сайын 23—24 жүк жөнелтілмей қалып отырды.

Партия мен үкімет халықты азық-түлікпен, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен мол қамтамасыз етуді ең басты міндет етіп қойып отыр. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыруда теміржолшылардың атқаратын ролі өте-мөте зор. Олар өздерінің ішкі күш- мүмкіншіліктерін барынша толық пайдаланып, поездардың жүрісін тездетуге, жүк тасуды, әсресе, халық тұтынатын товарларды тасуды жақсартуға тиіс.

Петропавл станциясының басшылары жүк тасудағы, ең алдымен көпшілік тұтынатын товарларды тасудағы кемшіліктерді тез жойып, бұл іске жаңа қарқын туғызуға міндетті. Сөйтіп, олар ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қаралдарында және СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысында халық шаруашылығын, оның ішінде ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, еңбекшілердің мәдени және әл-ауқат дәрежесін үздіксіз жақсарту жөнінде алға қойылған міндеттерді ойдағыдай орындау ісіне теміржолшылардың келелі үлес қосуын қамтамасыз ететін болсын.

**П. ӨСКЕНБАЕВ.**


Автомобиль транспорты және тас жолдар басқармасына аппаратта жұмыс істеу үшін бас инженер-автомобилист (ол басқарма бастығының орынбасары қызметін де атқарады) КЕРЕК. Еңбекақы смета бойынша.

Адрес: Петропавл қаласы, Киров көшесі, 141-үй. Телефон 2-30.

Облыстық оқу бөліміне қаладан тыс жерде жұмыс істеу үшін бухгалтер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Коммунист көшесі, 76-үй.

Петропавл қаласы, Көкшетау көшесі 1-үйде тұрушы Валентина Михайловна Комоза, Алматы қаласы, Герцен көшесі 81-үйде тұрушы Николай Пименович Комозадан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласы, 2-участоктік халық сотында қаралады.

## Киноларда

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«ТАУДАҒЫ ЗАСТАВА»**

Сеанстар сағат 4,30-6,30-8,10-10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«ПАВЛИНКА»**

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫ**

1953 жылғы 21 ноябрьден бастап күн сайын күндізгі және кешкі сеанстарға алдын-ала билет сататын касса ашты. Касса дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі және сенбі күндері күндізгі сағат 12-ден сағат 2-ге дейін жұмыс істейді.

Мектептерге балалардың кешкі сеанстары үшін билеттер сенбі күні күндізгі сағат 3-тен 4-ке дейін алдын-ала билет сататын кассада сатылады.

Коллективтік заявкалар бойынша билеттер тек қана алдын-ала билет сататын касса арқылы ешқандай кезексіз сатылатын болады.

Билеттерді алдын-ала сататын кассаның ашылуына байланысты киноға билетті кешкі кассадан сатып алу үшін заявка қабылданбайды.

Сонымен бірге, кинотеатр зрительдердің сұрауы бойынша сеанстар үнемі күндізгі 4 сағат 30 минутта, кешке 6 сағат 30 минутта, 8 сағат 30 минутта және сағат 10,20-да, балалар сеанстары күндізгі 12 сағат 30 минутта, 2 сағат 30 минутта басталатынын хабарлайды.

Касса, күндізгі 3 сағат 30 минуттан бастап ашық болады.



**Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сайлесуге болады.**

УШ 02347.

**Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**